

«Боранида» бөбөкжайы» жедел баскаруу құрылымындағы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Тақырыбы: «Түстер қонақта»
(ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті)

Өткізген: Жариева Н.Т

2024жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің технологиялық картасы

Күні: 20.02.2024жыл

Бөлімі: Коммуникативтік, әлеуметтік, танымдық, шығармашылық, физикалық дағдылар.

Тақырыбы: «Түстерде қонақ»

Мақсаты: Балалардың түстер туралы білімдерін кеңейту, оларды бір-бірінен ажыратуға, атай білуге үйрету.

Дамытушылық: сөздік қорларын молайтып, тіл байлықтарын арттыру, ой өрісін ұсақ қол моторикасын жетілдіру.

Түзету; тыныс алуын артикуляциялық аппаратын және қимыл-қозғалысын дамыту.

Тәрбиелік: әдемі, жүйелі сөйлеуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: слайд, үлестірмелі материалдар, массажды төсеме, ?

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелеу, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ой-қозғау, ойын қорытындылау.

Әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Қызығушылығын ояту кезеңі	<p>Сәлемдесу Жарқырап күн ашылды, Айналаға нұр шашылды. Біз көңілді баламыз Біз сүйкімді баламыз! Қайырлы күн қонақтар!</p>	Балалар сәлемдеседі
Ұйымдастырушылық іс-әрекет кезеңдері	<p>-Жарайсыңдар балалар, өте жақсы! -Балалар мен бүгін сендерді түстерге қонаққа апарғым келіп тұр. -Барғыларың келе ме? -Онда сіздерге арналған көптеген тапсырмалар бар -Сендер оларды орындауға дайынсыңдар ма? -Олай болса біз мына тас жолдармен жүріп, «Түстерге қонаққа» барайық Әсем әуенмен балалар массажды төсеме жолдың үстімен өтіп «Көк» түске келеді -Балалар біз қандай түске келдік?</p>	<p>-ия -ия -көк түс</p>
	-Ия, дұрыс айтасыңдар. Көк түс бізге артикуляциялық жаттығуларды орындауды тапсырыпты.	-балалар тапсырманы орындайды

	<p>Ендеше балалар біз артикуляциялық жаттығуларды жасайық.</p> <p>-Жарайсындар балалар!</p> <p>Ал енді балалар фонетикалық жаттығуымызды орындап жіберейік.</p> <p>Жел қалай шулайды?</p> <p>Жылан қалай ысылдайды?</p> <p>Ара қалай ызылдайды?</p> <p>-Қоңыз қалай дыбыстайды?</p> <p>-Тамаша жолымызды әрі қарай жалғастырайық Қараңдар балалар біз қандай түске келдік?</p> <p>-Ия, дұрыс</p> <p>-Енді жасыл түстің тапсырмасын орындайық. Балалар, мына жерде нелер тұр?</p> <p>Пішіндер</p> <p>-Ия, пішіндер. Бұл пішіндер қандай түсті екен?</p> <p>-Дұрыс. Ендеше тапсырманы мұқият тыңдаймыз. Қазір бір бала ортаға шығарып, мына жерден бір пішінді таңдап алады. Оның артында қандай да бір сурет жасырылған. Бала суретті сипаттайды, ал қалған балалар ол не екенін табу керек.</p> <p>-Балалар бір-бірден шығып тапсырманы орындайды (әуен ойнап тұрады)</p> <p>-Жарайсындар балалар!</p> <p>-Енді келесі түске барайық, бұл қандай түс?</p> <p>-Балалар, қызыл түстің тапсырмасы</p> <p>Ұсақ қол моторикасын дамыту</p> <p>«Бәтенке бауын байлау»</p> <p>«Әр түрлі пішіндерге бау өткізу»</p> <p>«Жеміс ағашына қыстырғышпен жемістер жинап салу»</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>-Енді балалар, қалай ойлайсындар қандай түс қалды?</p> <p>-Дұрыс айтасындар. Ендеше сары түстің бізге арнаған қандай тапсырмасы бар екен?</p>	<p>-ш-ш-ш-ш-ш</p> <p>с-с-с-с-с</p> <p>з-з-з-з-з</p> <p>ж-ж-ж-ж-ж</p> <p>-Жасыл түске</p> <p>-Пішіндер</p> <p>-Жасыл</p> <p>-Балалар тапсырманы орындайды</p> <p>-Қызыл түс</p> <p>-Балалар тапсырманы орындайды</p> <p>-Сары түс</p> <p>-тастар</p>
--	---	---

	<p>-Балалар мынау алдымызда тұрған нелер? -Ия ,біз қазір осы тастармен жұмыс жасаймыз .</p>	
<p>Іс-әрекетті бағалау кезеңі</p>	<p>-Балалар сендерге «Түстерде қонақта болған ұнады ма? -Онда сендер қандай тапсырмалар орындадыңдар? Іс-әрекетті аяқтау Марапаттау</p>	<p>-ия ұнады -Балалар өз ойларын бүгінгі іс-әрекеттен алған әсерлерімен бөліседі</p>

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Түстерді ажырата біледі.

Түсінеді: Ойынға қызығушылығы артып, тапсырманың мақсатын түсінеді.

Орындайды: Өз ойларын толықтай жеткізе біледі.















